

күрделі және өзгермелі. Алғашқы когнитивтік модель жерді ана ретіндегі ежелгі қабылдауға бекітіледі, оның бейнелері егіншілікпен және құнарлылықпен байланысты. «Ана – өзен» екінші танымдық моделі өзеннің акваториясы ананың құрсағында болып қабылданатындығына байланысты. Ана бір мезгілде жер (жер) мен өзен (көл) рөлін атқарады. Жер – ана (ана – сыр – жер), өзен – ана (Еділ / Колыма ана). Орыс лингвомәдениетінде жер мен су кеңістігі бір-бірімен байланысты. Лингвистикалық материал бірінші когнитивтік модельдің де, екіншісінің де өзектіленуінің жоғары жиілігін білдіреді.

Материал 06.12.2021 баспаға түсті

### **Cognitive models "mother earth" and "mother river" in Russian linguistic culture**

G. Ibraimova

Ministry of Education and Science of the Kyrgyz Republic, Bishkek, 720040, Kyrgyz Republic

*The purpose of the article is to describe the ways of actualizing the two cognitive models "mother-earth" and "mother-river", which actualize the corresponding features of the mother macroconcept. Objectives of the article: 1. Highlight examples of updating the specified model in the language material; 2. Determine the features of the ways of the cognitive models "mother-earth" and "mother-river" explication in the Russian language picture of the world. The relevance of the research lies in the correlation between the syncretic meanings of the cognitive models "mother-earth" and "mother-river". The scientific novelty of the work lies in the first experience of addressing the cognitive models "mother-earth" and "mother-river". The syncretism of the cognitive models "mother earth" and "mother river" is complex and variable. The first cognitive model is attached to the ancient perception of the earth as a mother, whose images are associated with agriculture and fertility. The second cognitive model "mother - river" is due to the fact that the water area of the river is perceived as the mother's womb. Mother simultaneously acts as both land (land) and river (lake). The land is called mother (mother is cheese-earth), the river is called mother (Volga / Kolyma mother). The earth and water space are associated with each other in Russian linguoculture. Language material represents a high frequency of actualization of both the first cognitive model and the second.*

Received: 06.12.2021

МҒТАР 16.21.61

**М.Ж. Камалиден<sup>1</sup>, Б.Т. Керимбаева<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы

### **ҚАЗІРГІ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МӘТІНДЕГІ ПЕРИФРАЗАНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Мақалада перифразаның қызметіне, олардың тілдік белсенді лексикалық құрамына енуіне ерекше назар аударылады. Сонымен қоса, публицистикалық мәтіндердегі перифразалардың қолдану ерекшелігі талданып, мысалдар келтіріледі. Газет дискурсындағы перифразаның әртүрлі лингвистикалық ерекшеліктерін анықтай отырып, публицистикалық мәтіндегі перифразаның басты мүмкіндіктері сипатталады. Перифразаның өзі үлкен экспрессивтілікке ие емес. Оның мағынасы мәтіндерде әр түрлі сипаттамалық (эстетикалық) функцияға, жақын немесе кең көлемді контексттің

мазмұнына, тіпті кейде бүкіл шығарманың мәтініне байланысты болады. Публицистикалық мәтіндерде перифразаны метафора мен метонимия сияқты экспрессивтілікті тудыратын құралдармен біріктіріп қолдану тән. Метафора мен метонимия қолдану аясы, перифразаға жақын келеді.

Мақалада американдық баспасөз материалдары негізінде перифразаның кеңейтілген құрылымдық, семантикалық және функционалдық ерекшеліктері анықталды. Зерттеу жұмысы прагматикалық әдіс арқылы перифразаны бұқаралық ақпарат құралдар байланысы арқылы перифразалаудың семантикалық ерекшеліктерін орнатуға, қазіргі ағылшын журналистикасы арқылы логикалық және бейнелі әдістерін ерекшелеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ перифраза түрлерінің кейбір классификациялары берілді, олардың негізінде статистикалық кесте құрастырылды, бұл ұсынылған функционалды стильдерде қолданылатын перифраза түрлерін бағалауға және салыстыруға және осы стильдердегі зерттеудің көрнекі нәтижелерін көруге көмектеседі.

*Кілт сөздер:* перифраза, ағылшын тіл, журналистика, публицистика, стилистикалық құрал.

## КІРІСПЕ

Біздің сөйлеуіміз ақпарат беруіміз ешқашан құрғақ және біртекті болмауы тиіс, әрқашан айтар сөзімізді безендіре, оған аса көркем реңк бере айта алуымыз қажет.

Әдемі әдеби сөйлеу бірсарындылыққа жол бермейді. Егер ондағы құбылыстар бір сөздермен сипаттала берсе, мәлімдеме әсерлі және есте қалатын болады деп үміттенбеңіз.

Осыған сай әр түрлі стильдік құралдар пайда болып отырды, бұл ойды дәлірек жеткізуге, сөйлеудің құрғақтығын, біртектілігін сұйылтуға және оған жағымды реңк беруге көмектесті.

Уақыт өте келе лингвистика ғалымдары бір мәлімдеме бере отырып, оны мүлдем басқаша көркем түрде, астарлап ойды нақты жеткізе алатынын түсіне бастады. Бұл үшін әртүрлі сөздер, сөз тіркестері, тіпті тұтас сөйлемдер қолданылды. Осылайша, адамдар қарым-қатынас жасай отырып, нақты бір ойын ұтымды түрде басқа сөздермен ауыстыра отырып, өзіндік ойын мәдениетті жеткізуде. Авторлар әртүрлі әдістерге жүгінді: олар метонимияны, эпитеттерді, эвфемизмдерді пайдаланды. Бұндай әдістерге осы мақала жұмысының басты объектісі болып табылатын перифразаларды да енгізуімізге болады.

Перифраза – бірнеше ғасырлар бойы әртүрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндерде белсенді түрде қолданылып келе жатқан тілдік құрал. Перифраза ұғымының танымалдылығы олардың әр түрлі функционалдық мүмкіндіктеріне байланысты. Дегенімен, тіл ғылымының даму тарихында ұзақ уақыт бойы перифраза ұғымы лингвист ғалымдардың зерттеушілік назарында болған жоқ, алғашында бұл лингвистикалық құбылыс риторлар мен стилистерді ғана қызықтырды. Перифразаның сипаттамалық құрылыс ретіндегі идеясы ежелгі дәуірден, яғни XVIII-XIX ғасырлар кезеңінде пайда болды.

Перифраза – күрделі тілдік құбылыстардың бірі. Сөздердің бейнелі мағынада қолдану тәсіліне жататын көркем троптың бір түрі. Негізінде сөздерді перифраздық ыңғайда қолдану – бір нәрсенің, я құбылыстың атауын, оның мағынасына сүйене отырып, басқа астарлы мағынада суреттеу. Басқаша айтқанда, күнделікті тұрмыс қажеттіліктерінен туындайтын жаңа ұғымдарға байланысты өмір шындықтарын, құбылыстың кейбір ерекше реңктерін айту тәсілі. Перифраз жалпы көркем шығармаларда сөздерге я сөз тіркестеріне бейнелілік сипат беру процесіне ғана емес, сол сияқты газет, журнал беттерінде де, техникалық және экономикалық әдебиеттерде де кеңінен қолданылады. Термин тек лингвистикалық шеңберде ғана қарастырылмайды, ғылыми білімнің әр түрлі салаларында сонын ішінде: логика, стилистика, риторика, психолингвистика, элеуметтік лингвистика, морфология, музыка және т.б ғылым түрлерінде кең қолданылады. Бұл термин ежелгі грек риторикасында пайда болған, мағынасы: «Peri» және «phraso» сөздері «айнала» және «айтамын» деп аударылады.

Сонымен қатар, термин әр түрлі айтылым нұсқаларының болуымен қиындайды: парафраз, парафраза, парафразис, перифраз, перифраза, перифразис, перифрасис. Алайда, бұл формалар ескірген және қазір ғылыми әдебиеттерде көп кездесе бермейді. Келтірілген нұсқаларының ішіндегі көп кездесетіні «paraphrasis, periphrasis» грек тілінен шыққан сөздер «қайталау» және «айналмалы сөйлеу» деген мағынаны білдіреді.

Ендеше, дерек көздеріндегі «перифраза» ұғымына берілген анықтамаларды қарастырайық. «Oxford Dictionaries» сөздігінде перифразаға келесі анықтама береді: «Periphrasis – use of indirect and circumlocutory speech or writing, an indirect and circumlocutory phrase» [1].

Бұл терминнің тағы бір анықтамасын «Macmillan English Dictionary» сөздігінен кезіктіруге болады:

«Periphrasis- the practice of expressing something in a more complicated indirect way than is necessary, or something that is expressed in this way» [2].

Перифраза ұғымының көптеген анықтамалары болуы, бірыңғай идеяның жоқтығы. Осы ұғым туралы сөздіктерде көрсетілген сипаттамалармен таныса отырып, ғалымдардың зерттеу жұмыстарындағы айтқан әртүрлі анықтамаларында қарастырайық:

«Перифраза- сипаттамалық өрнек ретінде анықталады: сөздің мағынасына басқаша сипаттама берілуі болып табылады» [3, 140].

«Перифраза - сөздердің немесе сөз тіркесінің белгілі бір сипаттамалық мәнін құрайды, әрі екі бөліктен тұрады, жиі кездесетін конструкциялары: ядролық және негізгі» [4, 77].

«Объектінің атауын оның сөздік сипаттамасымен алмастыратын, қасиетін ашатын фигура» [5, 74].

«Ауыспалы мағынадағы сөзге қарағанда перифраза экспрессияға және семантикаға бай» [6, 116].

«Перифразалар анықтамасы бойынша синтаксистік. Синтаксистік болып табылатын және бір-бірімен қандай да бір синтаксистік қатынаста болатын, бір немесе бірнеше элементтерден тұрады. Синтаксистік қатынас барлық құрылымдарда және тілдерде бірдей болуы міндетті емес» [7, 116].

«Қазіргі қолданыста перифраза термині әрқашан дерлік вербальды конструкцияларда қолданылады, бірақ оның анықтамасында мұндай шектеуді қажет етпейді» [8, 654].

«Перифраза, сонымен қатар айналым деп те аталады, зат есімді немесе етістікті сипаттайтын сөзді, сөз тіркесіне ауыстыру» [9].

«Перифраза – әдебиет теориясы саласындағы термин және мынадай мағынаны білдіреді: әдеби шығарманы еркін өңдеу, түпнұсқалы мазмұнын дамытып, түрлендіру» [10].

Ғалымдардың берген осы анықтамалардың негізінде перифразаның қызметін бірнеше тобын ажыратуға болады:

1. Перифраза сипаттамалық өрнек ретінде.
2. Перифраза стилистикалық әдіс ретінде.
3. Перифраза троп ретінде.
4. Перифраза сөз тіркесі ретінде.
5. Перифраза номинация ретінде.

Яғни перифраз сөзге стилистикалық нәр беретін, бейнелі, эмоцияналды, образды мәнге ие өрнек ретінде сипатталады. Семантикалық жағынан – бейнелі және образды, әсерлілігі жағынан – стильдік, экспрессивті болып келеді.

Ғалымдар перифразаларды әртүрлі тәсілдермен жіктейді. Кейбір ғалымдар олардың жаңа түрлерін ажыратып, қолданысқа енгізсе, ал кейбіреулері бұрынан қолданыста бар түрлерін қолданады.

Сонымен, қолданыста келесідей түрлері белгілі:

1. Бейнелі перифраза: метафора мен метонимияны қолдану арқылы жасалғандар. Жалпы алғанда, метафора мен метонимия перифразаға ұқсас келеді. Олардың арасындағы басты айырмашылық құрылымдық тәртібінде. Бірақ бұл айырмашылық маңызды болып табылмайды.

2. Логикалық перифраза: логикалық байланыстарға негізделген, әдетте, тар ұғымды кеңірек түсіндіру үшін немесе керісінше мақсатта қолданады. Басқаша айтқанда, бұл синонимдік өрнектер.

3. Метафоралық перифраза: тек метафораға құрылған түрі.

4. Метонимдік перифраза: тек метонимияға негізделген.

5. Авторлық перифраза: белгілі бір автордың өзі ойлап тауып, қолданысқа енгізгені. Яғни авторлық, жазушының өзі ойлап тапқан перифраза түрі. Жазушының тіл байлығына, өзіндік пікіріне сай белгілі бір құбылысқа көркем түрде сипаттама беретін өзіндік қолтанбасы.

6. Дәстүрлі перифраза: тілде берік орныққандар. Тиісті контекстсіз де мағынасы түсінікті, яғни мағынасын ашу үшін түсіндірме мәтін қажет етпейтін перифраза түрі.

7. Тәуелді перифраза: мәтінде қай сөздің ауыстырылғанын кеңірек түсіндіруді, ашуды қажет ететіндер;

8. Тәуелсіз перифраза: олар ауыстырылатын сөздің мағынасын ашуды талап етпейді, өйткені әдетте адамдардың көпшілігі оның не туралы екенін түсінеді.

9. Екі сөзден тұратын перифраза: аты айтып тұрғандай, екі компонентен құралған перифраза түрі. Басты ерекшелігі компонентер бір-бірімен қабыса байланысып, семантикалық жүйесіне қарай құрамындағы сөздердің мағынасы жоғалмауы қажет.

10. Үш сөзден тұратын перифраза: яғни, перифразаның сөйлемде болуы кем дегенде үш сөздің бірігуінін жанама түрде қажет екенін атап көрсетеді.

11. Көп компоненттен тұратын перифраза: ағылшын тілінде көп мүшелі компоненттен құралған перифразалар баршылық. Бұл перифраза түріне біз төрт немесе одан да көп сөздерден құралған перифразаларды жатқыздық.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі уақытта перифразаларды қолданудың негізгі бағыттарының бірі медиамәтіндер – газет-журнал басылымдары, радио және теледидардағы сөздер, интернет ресурстары болып табылады. Негізгі міндеттер - жаңалықтарды хабарлау, түсініктеме беру, фактілер мен оқиғаларды бағалау. Демек, публицистикалық стиль кең ақпараттық мазмұнмен, деректі мазмұнмен, жүйелілігімен, бейнелілігімен, стандарттылығымен, эмоционалдылығымен, бағалаушылығымен, тартымдылығымен және оларға сәйкес тілдік құралдармен сипатталады. Бүгінде БАҚ біздің санамызға, адамдардың, бүкіл қоғамның өміріне, тіпті тіліміз бен мәдениетімізге тигізетін әсері орасан. Ақпаратты берудің тиімділігі мен сәйкестігі мәселесі бірінші орынға шығады. Публицистикалық стиль тілдің екі қызметін – әсер етуші және хабарлау қызметін жүзеге асырады. Журналистиканың әсер етуші қызметі бағалау құралдарының жүйесі арқылы жүзеге асады, оның негізгісі метафора, сонымен қатар эмоционалды әсер етудің басқада құралдары. Публицистикалық және газет стиліндегі перифразаның маңыздылығы оқырманның назарын өткен өміріндегі белгілі бір іс-әрекетке, оқиғаға, құбылысқа аудару үшін қолдануы немесе ақпаратты жақсы есте сақтау үшін жаңа, бұрын белгісіз болған нәрсені көрсетуінде.

Сондықтан да біз публицистикалық және газет стиліндегі перифразаға мысалдар келтіріп, жан-жақты қарастырамыз:

1) Сонымен, «...Later, welcoming all the participants, he will emphasize that journalists are also responsible for the development of civil society. Especially the head of Kalmykia emphasized the role of veterans of the press, television and radio in the education of a new generation of **feather sharks**...» деген мысалдан бастайық.

Онда автор бізге «журналист» сөзін «**feather sharks**» деген сөзбен алмастырып тұр. Бұл бір сарындылықтан құтылу үшін жасалды. Негізгі классификацияға сәйкес, бұл мысалды логикалық перифразаға жатқызуға болады, өйткені ол қандай да бір образдылықты сипаттаманы суреттемейді, тек «қауырсынды акулалар» деген ұғымды «журналистер» деген түсінікпен алмастырып тұр. Сондықтан, бұл мысалда оның кеңірек ұғымнан нақты түсінікке

көшу деп айта аламыз. Сонымен қатар, бұл перифразаны авторлық перифразаға жатқызуға болады, өйткені ол дәстүрлі перифраза түрінде қолданылмайды.

2) Келесі мысал «This is a **country of gourmets** ...». Бұл жағдайда «**Country of gourmets**» тіркесі «француздықтар» деген мағынаны білдіреді, оны контекстен түсінуге болады, бірақ бөлек тандалған сөйлемнен емес, өйткені бұл фразаның мағынасы тұрақты емес, автордың өзі ойлап тапқан. Сондықтан бұл түпнұсқалы перифразаға жатқызуға болады, яғни автордың өзіндік ойынан туған. Негізгі классификацияға сәйкес, бұл мысалды логикалық перифраза ретінде қорытындылауға болады, өйткені онда метонимия да, метафора да жоқ, контекстен тыс ұғымды қамтиды, өйткені француздықтар тамақты физикалық қанағаттанумен әрі дәмді жеуге әуес дейді. Сондықтан автор осы сөйлемге қандай да бір экспрессивтілік әкелуге тырысады және берілген мәліметтерге сүйене отырып, перифразаны қолданады. Сондай-ақ, бұл перифраза үш компоненті бар екенін қосуға болады, сондықтан ол үш сөзден тұратын перифразаларға жатады.

3) Келесі мысал «...Children **hold hands and sing** “Bird”. Бұл жағдайда «қол ұстасып, «Құс» әнін айту» деген перифразаның мағынасы «бірігу», «тұтастылық» деген мағынада. Іс-әрекеттің өзі туыстық қатынасты сипаттап тұр себебі адамдардың қол ұстасып, ән айтуы қашанда адамдардың рухани жақындығын білдіреді. Бұл перифразаны бейнелі деп айтуға болады, ал нақты қарастыратын болсақ, онда метонимикалық перифраза, өйткені әннің әрекеті мен ән айтуында іргелес концепция бар. Ол ұғымдар салыстыруға емес, өзара байланысқа негізделген. Бұл толық фраза авторлық перифразаларға қатысты, өйткені ол жалпыға танымал емес және жиі қолданыла бермейді. Бұл перифразаны компоненттер саны бойынша төрт сөзден тұратын топқа жатқызуға болады; ол 4 элементтен тұрады.

4) Әрі қарай, «This **country where all stuff is done** is growing so fast...» деген мысалды қарастыруға болады. Бұл «country where all stuff is done» мысалында Қытайға қатысты сатиралық көзқарас бар, өйткені әлемдегі барлық нәрселер сол жерде жасалады деп есептеледі. Бұл жерде эмоционалды бағалау функциясы ең үлкен маңызға ие. Қытайлықтардың істеп жатқан істері туралы пікірге байланысты бұл перифразаны бейнелі, сонымен бірге метонимиялық деп санауға болады. Компоненттер саны бойынша ол жеті сөзден тұрады, өйткені ол 7 элементтен құралған. Бұл жердегі негізгі мәселе – бұл перифразаны авторлық немесе дәстүрлі деп жіктелуі. Себебі бұл бір жағынан автордың ойы болса, ал екінші жағынан бұл сөз тіркесі әр адамға түсінікті, яғни дәстүрлі. Бірақ бұл перифраза көп кездеспейді, сондықтан оны авторлық перифразаларға жатқызу керек, дәлелер айтқанда оны жазушы өзі ойлап тапқан деп санау қажет.

5) Зерттеулерімізді «It's like **Uncle Sam** insured your money...» «Uncle Sam» перифраза орнына «Америка Құрама Штаттарын» қоюға болады, өйткені «The Uncle Sam» АҚШтың символы болып табылады. Сондай-ақ бұл перифраза американдық басылымнан алынғандығын байқауға болады, өйткені «The Uncle Sam» атауы американдықтардың өздеріне тән. Бұл перифраза метафораға негізделгендіктен, бейнелі болып келеді. Сондай-ақ, бұл тіркес арқылы автор өзінің оқырмандарына өзінің туған еліне деген көзқарасын жеткізгісі келетіндігін өз отанының патриоты екенін көрсетеді. Бұл сөз тіркесі жалпы қолданыста, сондықтан бұл перифраз дәстүрлі деп жіктеледі, ол әр оқырманға түсінікті. Сондай-ақ, компоненттер саны бойынша оны үш сөзден тұратын перифразаларға жатқызуға болады.

6) Журналистік әдебиеттегі тағы бір мысал – «On the third day, all the **prison inhabitants** were taken outside and taken along the highway to the north...»] деген сөз. Бұл жағдайда «prison inhabitants» деген тіркесті «prisoners» деп түсіну керек, бұл сөйлем белгілі бір саяси ұғымды білдіреді, дегенмен абақтыға жабу тіркесі үшін нақты мағынасы емес. Бұл жағдайда бұл перифразаны эвфемизмге жатқызуға болады, өйткені саяси сөздерді жұмсартып айту эвфемизмге тән. Бұл өрнекті дәстүрлі перифразаларға жатқызуға болады, өйткені оқырман кім туралы екенін түсінеді, бірақ сонымен бірге бұл жиі қолданылатын тұрақты тіркес емес, сондықтан оны авторлық деп қарастыруға болады.

7) Біздің келесі мақсатымыз, сөйлемдегі келесі перифразаны жіктеу болмақ «After

giving birth, she got fat; **the destroyer of her figure** was lying on the couch» бұл жердегі перифраза «the destroyer of her figure», «husband» сөзін алмастырып тұр. Бұл жердегі перифраза логикалық байланыстарды көрсету үшін қолданылған, бұл перифразаның мағынасы-баланың дүниеге келіп, толық болып кетуіне күйеуі кінәлі деген мағынада. Ол белгілі бір сатира реңкін жасаумен бірге күшті экспрессивті функцияны орындайды. Бұл перифразаны таза авторлық деп атауға болады, өйткені контекстсіз оның мағынасы, нені білдіретіні мүлдем түсініксіз. Құрылымы 5 элементтен тұратындықтан, оны құрамдас бөліктерінің саны бойынша бес сөздікке жатқызуға болады.

8) Келесі мысал «... a few seconds later, a representative of **the fair sex** appeared in front of me, she was richly and tastefully dressed». Бұл перифразада «the fair sex» тіркесі арқылы әйелдер туралы айтады. Сонымен қатар, бұл перифраза түрі күшті экспрессивті функцияны атқармайды, өйткені бұл перифраза бұрыннан барша оқырманға түсінікті, сол себепті дәстүрлі перифраза болып табылады. Бұрын, ол жаңадан қолданысқа енген кезде, ол әлдеқайда күшті экспрессивтілікке ие болды. Негізгі классификация бойынша бұл өрнекті бейнелі перифразаларға, дәлірек айтсақ, метонимдік перифразалардың қатарына жатқызуға болады, өйткені ол жыныспен сабақтас қатынасқа негізделген. Компоненттердің саны бойынша бұл перифразалық өрнекті үш сөзден тұратын перифразаға жатқызамыз.

9) Әрі қарай, келесі мысал « To cross the river, I had to quickly **took my obedient feet away**». Бұл жерде «walk» сөзі «took my obedient feet away» деген перифразамен ауыстырылады. Бұл перифразаны бейнелі деп санауға болады, әрі метафоралық, өйткені онда перифраза метафораға негізделген. Сонымен қатар авторлық перифразаларға да жатқызуға болады, өйткені оны жазушы өзі ойлап тапқан. Компонентті санына қарай, бұл перифразалық бірлікті бес сөзге жатқызуға болады, өйткені ол бес сөздік компоненттен тұрады.

10) Біз қарастыратын келесі мысал «The expedition to **Foggy Albion** began successfully». Бұл жердегі «**Foggy Albion**» перифразасы «Англия» деген мағынаны білдіреді. Бұл тіркестің де сатиралық мағынасы бар, сондықтан негізгі қызметті экспрессивті-бағалаушы деп санауға болады, өйткені ол жазушының өзі жазған тақырыпқа қатынасын көрсетеді. Бұл перифраза логикалық перифразаға да, бейнелік перифразаға да жатпайды, сондықтан бұл жағдайда ол перифразаның ерекше түрі – эвфемизм ретінде сипатталады. Бұл авторлық перифразаға да жатқызылуы мүмкін, өйткені оның нені білдіретінін контекстен ғана түсінуге болады. Компоненттер саны жағынан бұл перифраза бес элементтен тұруына байланысты бес компоненттен тұратын перифраза болып есептеледі.

11) Келесі мысалды қарастырайық «**Our northern friends** can live in the US...». Бұл мысалда перифразалық бірлік «Our northern friends», мағынасы «the Mexicans» дегенді білдіреді. Бұл перифраза күшті экспрессивті функцияны орындамайды, ол іс жүзінде бейтарап, сонымен бірге бұл перифраза АҚШ оқырмандары арасында белгілі бір туыстық байланыста қолданылады. Бұл перифразаны нақты авторлық немесе дәстүрлі деп жіктеу үшін оны әртүрлі қырынан қарастыру керек. Бір жағынан, егер сіз оны американдықтарға тиесілі деп анықтасаңыз, онда оны дәстүрлі перифразалар ретінде жіктейміз, өйткені олар оны жиі дәл осы мағынада қолданады. Бірақ екінші жағынан, егер оны американдықтар қарастырмаса, оны авторлық перифраза деп санауға болады. Сондықтан осы классификацияны нақты бір мәнде орналастыру мүмкін емес. Бұл перифразаны экспрессивті емес логикалық перифразаларға жатқызуға болады, өйткені оның мағынасын тану үшін контекстегі логикалық байланыстардың арқасында жүзеге асады. Бұл перифразалық тіркесті үш компоненттен тұратындықтан, үш сөзден тұратын перифразаға жатады.

12) Біз қарастыратын соңғы мысал «Two years ago I conquered **the world's highest mountain** was ...». Бұл мысалда «**the world's highest mountain**» деген тіркесте Эверест тауы деген мағына жасырылады. Бұл жағдайда бұл перифраза экспрессивті емес, ол тек объектінің ерекшелігін көрсетеді. Сондықтан бұл перифразаны дәл деп санауға болады, өйткені бұл жағдайда объектінің биіктігін көрсету оның маңызды белгісі болып табылады, сондықтан оны бір мәнді түрде жіктеуге болады. Компоненттер саны бойынша бұл перифраза төрт

сөзден тұрады. Негізгі классификацияға сәйкес оны логикалық деп жіктеуге болады, өйткені логикалық байланыс объектінің кейбір сипаттамасы арасында байқалады. Бұл перифразалық тіркес дәстүрліге де жатқызуға болады, өйткені бұл біздің планетамыздағы ең биік тау, демек, бұл барлық халықтар үшін осындай, сондықтан егер біреу бұл фразаны естісе, ол не мағына білдіріп тұрғанын бірден түсінеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ағылшын тіліндегі публицистикалық, газет және көркем әдебиеттердегі перифразаның қолданылу ерекшеліктеріне тәжірибелік зерттеу жүргізу барысында көптеген журналдар, газеттер мен көркем әдебиеттердегі шығармалар талданды.

Соның нәтижесінде, жоғарыда талқыланған мысалдарға сай мынадай қорытынды жасауға болады:

-публицистикалық мәтінде жазушы перифразаларды қолдану арқылы оқырманға жағымды әсер етіп, оны сол шығарма әлеміне енгізіп, сұлулығын сезіндіреді, сол себепті авторлар мәтінде перифразаны қолданып прагматикалық әсерге қол жеткізеді .

-авторлық перифраза түрлерінің қолдану аясы дәстүрлі перифразаға қарағанда айтарлықтай басым екенін байқауға болады, өйткені автор өзіндік жазу мәнерін қалыптастыруға, есте қалуға ұмтылады

-көбінесе бейнелі перифраза түрлері жиі қолданылады, ал олардың басқа түрлері – метафоралық перифраза, метонимдік перифразаларға қарағанда 4 есе жиі қолданылады, өйткені автор көбінесе шындыққа ешқандай қатысы жоқ нәрсенің бейнесін жасауға тырысады. Логикалық перифраза көп қолданылмайды, ал эвфимистік перифразалар іс-жүзінде мүлде қолданылмайды.

-перифразалардың компонент санына қарай жіктелуінде публицистикада қолданысы бірдей, тек төрт-бес сөзден тұратын перифраза түрлері көп, ал алты-сегіз сөзді перифразалар әлде қайда азырақ болатыны анықталды.

Біз "1-кестеде" перифразаның негізгі түрлеріне жіктеу жасай отырып, осы белгіленген бірлікке сәйкес мәтіндерде қолданудың салыстырмалы сипаттамасын пайыздық көрсеткіштерін береміз:

Перифраза түрлері	Публицистикалық және газет
Бейнелі	43%
Логикалық	41%
Метонимдік	14%
Метафоралық	41%
Авторлық	67%
Дәстүрлі	29%
Тәуелді	29%
Тәуелсіз	39%

Берілген пайыздық көрсеткіштерді салыстырсақ, бұл стильдерде әр түрлі перифраза түрлерінің қолданылуы өзгеше екенін байқауға болады. Бұл кестеден авторлық перифраза басым екенін байқауға болады. Бұл перифраза түрін автор әрқашан өз шығармаларына басқалардан ерекшелендіретін өзіндік бір реңк қосуға ұмтылуымен түсіндіруге болады, соның арқылы оқырмандарға есте қалуға ұмтылады.

Перифраза дәстүрлі әдеби саламен ғана шектелмейді, ол публицистикада ең кең тараған, қысқа және белсенді тілді білдіретін құралдардың біріне айналды. Бұл жұмыста қазіргі публицистикалық және газет стиліндегі перифразаларға көп көңіл бөлініп, мысалдар келтірілді. Қорытындылай келе, зерттеу жұмысына қысқаша келесідей нәтиже жасағымыз

келеді:

1) Перифраза – функционалды-семантикалық тілдік құрал. Бұл сөз тіркесі ретінде сәйкес объектіні немесе құбылысты алмастыратын сипаттамалық айналым.

2) Қазіргі публицистикадағы перифразаның қызметі семантикалық, синтаксистік және стилистикалық. Соның ішінде семантикалық қызметке алмастыру және түсіндіру, ал стильдік қызметке – бейнелеу және бағалау қызметтер жатады.

3) Қоғамның дамуымен және жаңа заттар мен құбылыстардың үздіксіз пайда болуынан перифраза ұғымы сипаттамалық мақсатта қажет. Ол бейнелеудің тиімді құралы болып табылады. Перифразаның көмегімен адамдар тиімді қарым-қатынас жасай алады.

Тіл қоғам дамуымен бірге өзгеріп отырады. Сондықтан перифраза ұғымына қатысты зерттеулер тоқтамайды. Бұл мәселе одан әрі тереңдетуді талап етеді. Осы тақырыпты егжей-тегжейлі зерттеу барысында өз мақсатына қол жеткізілгенін атап өткім келеді. Нақтырақ айтқанда, ағылшын тіліндегі перифразаны қолданудың негізгі ерекшеліктері, оның маңызды құрамдас бөліктері, түрлері мен қызметтеріне нақты тоқталдық. Қазіргі журналистикадағы перифраза ұғымына анықтама беріліп, олардың ерекшелігі, жіктелуі және функциялары туралы айтық. Публицистикадағы перифраза қызық әрі маңызды мәнге ие екенін атап өткен жөн.

Қазіргі кезде, перифразалардың құрылымы мен мағынасын жақсырақ білу арқылы тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Осындай образды тіркестердің өміршеңдігі оның қолданысынан байқауға болады. Өйткені, қазір кезде адамдар сөйлеу сапасына азырақ көңіл бөледі, бұл тілдің деградациясын көрсетеді, өйткені адамдар тілді дұрыс қолдануды ұмытса, ол ерте ме, кеш пе өледі. Сондықтан ғалымдар барлық зерттеу түрлерін жүргізіп, алдын алуға күш салып, тілді өңдеу мен синтездеудің жаңа әдістерін ойлап табуға тырысуда. Және бұл мақала арқылы тұлғааралық қарым-қатынас құралының ұзақ және табысты болатына үлкен үмітім бар.

Сонымен, осы зерттеу барысында перифразалық тіркестердің негізгі функционалды стильдерін мысал арқылы талдап, нәтижесінде ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің көркем әдебиеті, публицистикалық және газеттік әдебиеттері негізінде ағылшын тіліндегі перифразаның қолданылу ерекшеліктерін атап өттік. Сондай-ақ перифраза түрлерінің кейбір классификациялары берілді, олардың негізінде статистикалық кесте құрастырылды, бұл ұсынылған функционалды стильдерде қолданылатын перифраза түрлерін бағалауға және салыстыруға және осы стильдердегі зерттеудің көрнекі нәтижелерін көруге мүмкіндік берді.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бакина М.А. Некрасова Е.А. Эволюция поэтической речи XIX XX веков. Перифраза. Сравнение. – М.: Наука, 1986.
- 2 Бельчиков Ю.А. Перифраза // Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Сов. энциклопедия, 1990.
- 3 Бытева Т.И. Перифраза как специфический объект изучения в курсе РКИ // Проблемы интенсивного обучения русскому языку как иностранному: Сб. тез. междунар. науч.-метод. конф. «Герценовские чтения» 2-4 июня 1993. – СПб., 1993. – С. 140-142.
- 4 Мейрамов Н.М. Роль перифразы в английском языке. – Алматы: Талап, 2018. – С. 77. 5 Макарова С.Я. Перифраза в ономастической и апеллятивной лексике // Лексика русского языка и ее изучение. – Рязань, 1988. – С. 74-79.
- 6 Моложай Г.Н. Перифразы в белорусском литературном языке. – Минск, 1971. – С.151.
- 7 Bonami, O. & G. Webelhuth The phrase-structural diversity of periphrasis: a lexicalist account. In Periphrasis: The role of syntax and morphology in paradigms. Oxford: Oxford University Press, 2013. 141–167.
- 8 Haspelmath, Martin. Periphrasis. Morphologie/Morphology: ein internationales Handbuch zur Flexion und Wortbildung/An international handbook on inflection and word-formation, ed. by Geert Booij, Christian Lehmann and Joachim Mugdan. Vol. 1, 2000. 654–64. Berlin: Mouton de Gruyete.



9 M. Glass. What Is Periphrasis? [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://www.wise-geek.com/what-is-periphrasis.htm>

10 Paraphrase and Periphrasis. Published by Paraphrase Online Team, 2019 [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://www.paraphrase online.com/blog/copywriting/paraphrase-and-periphrasis>

Материал 03.11.2021 баспаға түсті

#### REFERENCES

1 Bakina M.A., Nekrasova E.A. The evolution of poetic speech in the 19th and 20th centuries. Periphrase. Comparison. – M.: Nauka, 1986.

2 Belchikov Yu.A. Periphrase // Linguistic Encyclopedic Dictionary. – M.: Sov. encyclopedia, 1990.

3 Byteva T.I. Periphrase as a specific object of study in the course of RFL // Problems of intensive teaching of Russian as a foreign language: Sat. thesis. int. scientific method. conf. "Herzen's Readings" June 2-4, 1993. St. Petersburg, .1993. – WITH. 140-142.

4 Meiramov N.M. The role of paraphrase in English. - Almaty: Talap, 2018. – P. 77.

5 Makarova S.Ya. Periphrase in onomastic and appellative vocabulary // Vocabulary of the Russian language and its study. – Ryazan, 1988. – S. 74-79.

6 Young G.H. Periphrases in the Bellorus Lettirary Language.-Minsk, 1971. – С. 151.

7 Bonami, O. & G. Webelhuth The phrase-structural diversity of periphrasis: a lexicalist account. In Periphrasis: The role of syntax and morphology in paradigms. Oxford: Oxford University Press, 2013.141-167.

8 Haspelmath, Martin. Periphrasis. Morphologie / Morphology: ein internationales Handbuch zur Flexion und Wortbildung / An international handbook on in fl ection and word-formation, ed. by Geert Booij, Christian Lehmann and Joachim Mugdan. Vol. 1, 2000.654–64. Berlin: Mouton de Gruyte

9 M. Glass. What Is Periphrasis? [Electronic resource] Access mode: <https://www.wise-geek.com/what-is-periphrasis.htm>

10 Paraphrase and Periphrasis. Published by Paraphrase Online Team, 2019 [Electronic resource] Access mode: <https://www.paraphrase online.com/blog/copywriting/paraphra>

#### **Семантические особенности перифразы в современном публицистическом тексте**

М.Ж. Камалиден<sup>1</sup>, Б.Т. Керимбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г.Актобе, 030000, Республика Казахстан

*В статье особое внимание уделяется функции перифразы, и их в активную лексическую структуру языка. Кроме того, анализируются особенности использования перифраз в публицистических текстах и приводятся примеры. Статья позволяет установить семантические особенности перифразы в области медиакоммуникации, выделить логические и образные методы через современной английской журналистики. Описаны основные особенности перифразы в публицистическом тексте, выявлены различные лингвистические особенности в газетном дискурсе. Перифраза сама по себе не обладает большой экспрессивностью. Её сущность заключается в выполнении в текстах разных типов характеризующей (эстетической) функции в соответствии с содержанием ближайшего или широкого контекста, иногда даже текста всего произведения в целом. В публицистических текстах обычно используется для пересказов в сочетании с такими выразительными приемами, как метафоры и метонимия. Метафора и метонимия близки к перифразу. В статье определяется расширенные и структурные, семантические и функциональные особенности перифразы в материалах американской прессы. Статья по прагматическим методам позволяет установить семантические особенности перифразы через средства массовой информации, различать логические и образные методы через*

*современную английскую журналистику. Также представлены некоторые классификации типов перифразы, на основе которых составляется статистическая таблица, которая помогает оценить и сравнить типы перифразов, используемых в предлагаемых функциональных стилях, и увидеть результаты исследований в этих стилях.*

Материал поступил в редакцию журнала 03.11.2021

### **Semantic features of the periphrase in the modern publicistic text**

M.Zh. Kamaliden<sup>1</sup>, B.T. Kerimbaeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan

*This article discusses to the function of the periphrasis, and their active lexical structure of the language. In addition, the features of the use of paraphrases in publicistic texts are analyzed and provides examples. This article makes it possible to establish the semantic features of the periphery in the field of media communication, to highlight logical and imaginative methods through modern English journalism. The main features of the periphrase in the publicistic text are described, various linguistic features in the newspaper discourse are revealed. The periphrase itself is not very expressive. Its essence lies in the performance of a characterizing (aesthetic) function in texts of different types in accordance with the content of the immediate or wide context, sometimes even the text of the entire work as a whole. In journalistic texts, it is usually used for retelling in combination with such expressive techniques as metaphors and metonymy. Metaphor and metonymy are close to periphrases. The article defines the extended and structural, semantic and functional features of the periphery in the materials of the American press. The article on the pragmatic method allows you to establish the semantic features of the periphery through the media, to distinguish between logical and figurative methods through modern English journalism. Also presented are some classifications of types of periphrase, on the basis of which a statistical table is compiled, which helps to evaluate and compare the types of periphrase used in the proposed functional styles, and see the results of research in these styles.*

Received: 03.11.2021

ГРНТИ 16.21.33

**М.П. Лукина**

Институт гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера СО РАН, г. Якутск, 228228, Россия

### **МОДАЛЬНЫЕ ЗНАЧЕНИЯ, ВЫРАЖЕННЫЕ ФОРМАМИ ПРОШЕДШЕГО ВРЕМЕНИ ИЗЪЯВИТЕЛЬНОГО НАКЛОНЕНИЯ В ЮКАГИРСКОМ ЯЗЫКЕ**

*Объектом исследования является категория языковой модальности. Языковая модальность выражает: 1) отношение высказывания к действительности с точки зрения говорящего; 2) отношение говорящего к содержанию высказывания; 3) отношение субъекта действия к действию. В статье рассматривается система изъявительного наклонения в юкагирском языке, как средство выражения отношения высказывания к действительности, передающего соответствие содержания высказывания к действительности. В свете категории модальности рассмотрена форма времени – аорист (настояще-прошедшее время) изъявительного наклонения в юкагирском языке, который представлен в 3-х формах спряжения глагола-сказуемого: ремо-субъектной, ремо-предикативной и ремо-объектной. В результате исследования сделан вывод о том, что в формах спряжения глагол-сказуемое*